

**«Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» МКҚК
лауазымдық қызметке қабылдау комиссиясының**

№ 9 хаттамасы

27.08.2025 ж.

Өткізілетін орны: Сарыарқа ауданы, Ә Жангельдин көшесі 1,
Арт- терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы МКҚК

Күн тәртібінде:

Күн тәртібі және комиссия құрамымен таныстырды. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының 96-тармағы негізінде педагогтерді лауазымға тағайындау жөніндегі конкурстық комиссия құрамын атап өтті. Бос және уақытша бос орындарға үміткерлердің өтініштері мен құжаттарын қарау және жұмысқа қабылдау туралы.

Комиссия құрамы:

- 1.Төрайымы-әдіскер - Сагитова Салтанат Кузайфаевна;
2. Молдабекова Г.А – инновация әдіскері;
3. Біліктілігі «Педагог-зерттеуші» музыка жетекшісі – Асылбекова Гүльнара Кариполлинова;
- 4.Біліктілігі «Педагог- эксперт» тәрбиеші Касабаева Самал Нурдрахмановна
- 5.Біліктілігі «Педагог-модератор» - тәрбиеші Дуйсенбаева Сауле Жанабиловна;
- 6.Біліктілігі «Педагог-модератор» - тәрбиеші кәсіподақ мүшесі Таурбаева Эльмира Еслановна;
- 7.Біліктілігі «Педагог-модератор» балабақша маманы Бахишева Кундыз Кармысовна

Қабылдау комиссиясының отырысы бақылаушысы «Әдістемелік орталық» әдіскері Исина Нагима Саткеновна;

1. Астана қаласы әкімдігінің «Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» МКҚК тәрбиеші-педагог – 5 (5,725 мөлшерлеме), дене шынықтыру нұсқаушысы – 1 (1,25 мөлшерлеме) бос орындарға жарияланған конкурс нәтижесі туралы.
2. Комиссияның шешімі.

Сөйледі:

Әдіскер Сагитова Салтанат Кузайфаевна, педагог мамандарға қажеттілік туындауына байланысты мектепке дейінгі ұйымның жеке сайтына тәрбиеші, дене шынықтыру нұсқаушысы лауазымы бойынша конкурс жарияланды. Конкурскa Enbek.kz порталы аркылы 3 түйіндеме келіп түсті. Соның ішінде дене шынықтыру нұсқаушысы лауазымына 1 үміткер, өз түйіндемесін таныстырып жіберді. Бір үміткер тәрбиеші басқа білім беру ұйымына жұмысқа орналасып қойған болып шықты, қалған бір үміткерлер мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші болып жұмыс әліде жасайды. Түйіндеме бойынша қарастырылған үміткерлердің конкурсқа қатысу үшін тиісті талаптарға сәйкес құжаттар талап етілді. Талап бойынша барлық құжаттарын толығымен тапсырған үміткер Жанбырбаев Н.Е, болды.

Жанбырбаев Нұрсұлтан Ерланович дене шынықтыру нұсқаушысы лауазымы бойынша біліктілік санаты «педагог- тағылымдамашы» 15.07.2025 жылы алған, дене шынықтыру нұсқаушысы лауазымы бойынша еңбек өтілі - жоқ. Бағалау 20 балдық жүйе бойынша негізгі өлшемшарттар бойынша жүргізілді. Бағалау парақтарына ұпайларды комиссияның мүшелері балл жүйесімен қойды. Әңгімелесу нәтижесінде үміткер «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының» 11-қосымшасына сәйкес бағаланды (бағалау парағы қоса тіркелді).

Комиссия мүшесі Асылбекова Г.К. сұрақ қойды: «мектепке дейінгі білім беру жүйесін не үшін таңдау жасадыңыз?»

Молдабекова Г.А, сұрақ қойды: «Сіздің ойыңызша, балабақшалардың жақсы педагогтер қандай жеке және кәсіби қасиеттерге ие болу керек деп ойлайсыз?».

Аталған сұрақтарға Жанбырбаев Н.Е., толығымен жауап беріп, өз ойын жеткізе алды.

Тәрбиеші лауазымы бойынша үміткерлер болмады.

Комиссия отырысының шешімі:

1. Комиссия мүшелері ақылдаса келе дене шыңқтыру нұсқаушысы лауазымына – 1,25 мөлшерлемен Жанбырбаев Н.Е., қабылданатын болып шешілді.
2. Бос лауазымдық орындарға тәрбиеші лауазымы - 5 (5,725 мөлшерлеме), бойынша бос орындарға үміткерлердің болмауына байланысты 2025 жылдың 28 тамыз – 10 қыркүйек айы аралығында қайта конкурс жариялансын.

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:

С. Сагитова

Г. Молдабекова

Г. Асылбекова

С. Касабаева

С. Дуйсенбаева

К. Бахишева

Э. Таурбаева

Хатшы

Б. Агманова

«Әдістемелік орталық» әдіскері бақылаушы  Исина Н. С.